

**УДК 378  
ББК 74.58  
S81**

**Редакционная коллегия**

*Шакирова С.М.* - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке  
*Сапаргалиев Д.Б.* – PhD, зам. директора Управления по науке  
*Никифорова Н.В.* - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

**i – START. Предпринимательство: энергия молодых.**

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

**УДК 378  
ББК 74.58  
S81**

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Бүгінгі күні заман талабына сай қоғамда барлық жағынан өзгерістер өтуде, сонымен бірге, адам құқықтары саласында да талаптар ең жоғары стандарттарға жақындап келеді. Соның бірі, нарықтық экономика жағдайында зияткерлік меншік құқығының адам мен қоғамның рухани өмірінің негізін құрап, нарықтық қатынастарда тауар ерекше нысаны ретінде тауар айналымының объектісіне айналып отыр. Бұл ретте, ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы, рухани игіліктерді жасаушылар мен оны тұтынушылар үшін де жаңа мүмкіндіктермен қатар, кедергі-қиындықтар пайда болуда. Сонымен қатар, дүниежүзілік сауда ұйымына кіру сияқты мемлекеттік мақсаттың жүзеге асырылып жатқан шағында авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы құқықтарды қорғауда дүниежүзілік қауымдастықтың талаптарына сай болуы заман талабы болмақ.

Қазақстанның Кеден Одағына кіруі бірыңғай кеден аумағының құрылуына себепкер болды. Кеден Одағының зияткерлік меншікке қатысы өте маңызды, бірыңғай кеден аумағының құрылуы тауар айналымын өсірді, импорт пен экспортты ұлғайтты. Бұндай экономикалық кең аумақта зияткерлік меншіктің қорғалуы күрделене түседі. Кеден Одағына мүше мемлекеттер зияткерлік меншікті қорғау үшін Ортақ Кедендік реестрді енгізді. Алайда, аталып отырған реестр қойылатын талаптарға сай Кедендік одақ аумағында сұраныс пен мұқтаждықты толыққанды қамтамасыз ете алмай отырған фактілер тіркелуде.

Қазақстан Республикасында авторлық құқықтық қатынастар «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен реттеледі. Онда авторлық құқыққа нұқсан келген жағдайда және оны бұзған үшін қолданылатын тиісті шаралар қарастырылған. Құқықтық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің нақты жұмыс істеуімен қатар, оның қоғам мүшелерінің құқықтық санасына ықпал етуі құқықты қорғаудың басты мақсатының орындалуының бірден бір кепілі екендігі сөзсіз.

Алайда, Қазақстан Республикасының заңнамасының интеллектуалдық меншікке қол сұғушылыққа қарсы күресетін және қорғайтын заң нормалары осы саладағы тұрақты даму үстіндегі қоғамдық қатынастарды толығымен қамти алмайтындығын өзекті мәселелердің бірі деп білеміз. Себебі, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 03 шілдеде қабылданған жаңа Қылмыстық кодекстегі екі ғана бап (198, 199 баптар) құқықтық

сананың дұрыс қалыптасуына толыққанды жағдай жасай алмайды.

Зияткерлік меншікті қорғауға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша өзекті мәселелердің әлі де болса орын алуы заң ғылымдарының докторы, құрметті ұстаз Т.Е. Каудыровтың жетекшілігімен 2015 жылы «Қазақстан Республикасының зияткерлік меншікке байланысты заңнамасын жетілдіру» атты конференцияның өткізілуіне бірден бір себеп болды. Ғылыми конференция жұмысының қорытындысында зияткерлік меншік саласы бойынша заңнамаға бірнеше толықтырулар мен нұсқаулықтар ұсынылды.

Біріншіден – Еуразиялық экономикалық одақты құру жөнінде Келісімді жүзеге асыру үшін 2015 жылдың шеңберінде үш Халықаралық келісімшартқа қол қойып, қабылдауымыз қажет:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында тауар белгісі, қызмет көрсету және өндірілген ел жайлы белгі туралы Келісім;

2) Зияткерлік меншікті қорғауға байланысты әрекеттердің өзара келісімділігі жайлы ЕЭО Келісімі. Бұл келісімнің мазмұны өзара көмек, келісімділік, ақпараттар ұсыну, зияткерлік меншік саласында құқықбұзушылықты анықтау үшін ақпараттар алмасу немесе ақпараттармен еркін танысуға мүмкіндік жасау;

3) Авторлық және сабақтас құқықтарды реттеу және басқару тәртібін ұжымдық негізде жүзеге асыру жайлы Келісім.

Екіншіден – Зияткерлік меншіктің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында құзыретті органдар өз міндеттерін жүйелі түрде жалғастырып, құқық нормалары мен талаптарын түсіндіру жұмыстарын жалғастыру керек.

Үшіншіден – ұлттық заңнаманы жетілдіру. Заңнамадағы ішкі қайшылықтарды жою, құқық бұзушылыққа қарсы қолданатын, бірақ іс жүзінде әсер ету деңгейі төмен, ескірген нормаларды дамыған елдердің (мысалы Ресей, Франция, Италия және т.б.) заңнамасынан үлгі алып ауыстыру.

Төртіншіден – зияткерлік меншік саласында Қазақстанның халықаралық міндеттерін мониторингтеу. Бастысы – қауіпті міндеттерді өзіне алу тәуекелі бар шешімдер қабылдануы мүмкін екендігі жайлы ескерту.

Бесіншіден – пираттық өнімдермен күрес мақсатында:

1) Өнімді қорғалмаған немесе еркін қолданыстағы сайттарға жібермеу;

2) Сайттардың міндетті түрде авторлық құқықтарды бұзғаны үшін заңмен қудаланатыны және жауапқа тартылатындығы туралы жазбасы болуы тиіс.

Алтыншыдан – профессор Т.Е.Каудыровтың 2001 жылы ұсынған зияткерлік меншік бойынша арнайы соттарды құрастыру және осы салаға қатысты басқа да ұсыныстарын ескеру.

Психолог мамандардың айтуынша, қылмыскер немесе құқықбұзушы қылмысты ойластыру немесе дайындау барысында сол әрекеті үшін жазаға тартылу мүмкіндігін еш уақытта жоққа шығармай, пайда болатын салдарын саналы түрде немесе бейсаналық тұрғыда да салмақтай алады. Сол нақты кезеңге жүзеге асырып отырған әрекетінен келер пайданы «жақын» деп алады, ал жазаны «алыс» деп алады. Бірақ, егер түсетін пайда қолданылатын жазадан әлдеқайда төмен болса ол саналы түрде құқықбұзушылыққа бармайды. Тек итермеші себеп (мотив) кекпен, намыспен байланысты болмаса [1].

Бұл психологиялық саралау экономикалық қылмыстарға тән. Контрафактімен айналасу немесе біреудің зияткерлік меншігіне қол сұғу экономикалық тұрғыдан пайда табуға бағытталған құқықбұзушылық, қылмыс.

Құқықтық сана мемлекетте қалыптасқан құқықтық жүйе, әділ сот қызметтерінің айнасы болып табылады. Құқықтық реттеу барысында адамдар құқықтың әділеттілігін немесе оны қолдану барысындағы заңсыздық пен бассыздықтан туындайтын әрекеттер мен көріністерді ой-өріс, сана арқылы ой-елегінен өткізіп баға береді. Соның нәтижесінде индивидтердің мемлекеттегі әділеттілікке деген көзқарастары қалыптасады. Құқықтық сана саяси мазмұнға, сипатқа ие болады. Мемлекеттегі саяси процестер мен бағыттар әрқашанда құқықтық санаға өзінің әсерін тигізеді. Заңның өзі қоғамда жүргізіліп отырған саясатқа тәуелді [2].

Заңнама бойынша жазаны қатаңдату арқылы контрафактілік тауарларға сұранысты төмендетуге немесе түбегейлі жоюға болатындығы сөзсіз. Егер халықтың контрафактілік тауарларға сұранысы азайса немесе болмаса контрафактілік өнім де тауар айналымнан шығып қалады және тұлғалардың авторлық, зияткерлік меншікке орныққан құқықтары да бұзылмайды. Қазақстан Республикасында зияткерлік меншікті қорғауға бағытталған заңнама нормаларын қатаңдату қазіргі уақытта өте маңызды әрі кейінге қалдыратын мәселелерге жатпайды.

Сондықтан, зияткерлік меншікке байланысты халықтың құқықтық санасын тәрбиелеу үшін, сонымен бірге, азаматтардың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасын қатаңдату керек. Яғни, контрафактілік тауарлар айналымы мен қолданылуына қатысты барлық субъектілердің – жасаушылардың, таратушылардың, тұтынушылардың жауапкершілігін айқындайтын заң нормаларын заңнамаға ендіру қажет.

#### Әдебиеттер:

1. Ратинов, Л.Р., Ефремов, Г.Х. Правовая психология и преступное поведение. Красноярск, 1988.

2. <http://bigox.kz/kukykytk-sana-zhalpy-tusinigimindetteri>.